	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 5-1-9
	Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы Ереже.	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2025

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ
УНИВЕРСИТЕТІ**



«БЕКІТЕМІН»


Ш. Мұртаза атындағы ХТУ ректоры

М. Сарыбеков

09 2025ж.

**Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы
мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына
тегін тамақтандыруды ұсыну туралы
ЕРЕЖЕ**


Тараз-2025

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	СМЖКЕ 5-1-9
	Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы Ереже.	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2025

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **Әзірлегендер:**
 - Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Г.Қ. Құлабекова

- 2 **Келісілді:**
 - Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
 - Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 5-1-9
	Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы Ереже.	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2025

**Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қолдану саласы

Осы Ереже Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде (ХТУ) қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта білім алушы азаматтардың жекелеген санаттары үшін тегін тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.

2. Нормативтік сілтемелер


Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын білім алушы азаматтардың жекелеген санаттары үшін тегін тамақты ұйымдастыру жөніндегі осы Ереже төмендегі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 27 маусымдағы №129-VII «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 «Жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 29 наурыздағы № 134, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 180 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

 ШЕРХАН МУРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	СМЖКЕ 5-1-9
	Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы Ереже.	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2025

3. Негізгі мақсат және міндеттер

- Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде білім алушы азаматтардың жеңілдіктер берілетін санаттарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну;

- Білім алушыларды жасы мен физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты тамақтану қағидаттарына сәйкес ұтымды және теңгерімді тамақпен қамтамасыз ету;

- Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес тамақтануды ұйымдастыруға бөлінетін бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету.

4. Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын білім алушы азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақ ұсыну тәртібі

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру төмендегідей жүзеге асады:

1. Талапкер мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін университеттің Қабылдау комиссиясына құжаттарын тапсырады.


2. Мемлекеттік білім беру гранты тағайындалғаннан кейін талапкер Қабылдау комиссиясына өзінің мемлекеттік білім беру грантының иегері болып табылатынын растайтын «куәлігін» (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы ҚР азаматтарына арналған квота) ұсынады және университетке оқуға түсу үшін өтініш береді.

3. Қабылдау комиссиясы талапкерді қабылдау туралы бұйрық шығарады және бұйрықтың көшірмесі мен оның құжаттарын университеттің Студенттерге қызмет көрсету орталығына (СҚКО) береді.

4. СҚКО студент туралы толық ақпаратты «Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар» жөніндегі проректорға ұсынады.

5. «Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар» жөніндегі проректор оқу кезеңінде қорғаншылықта (қамқоршылықта) және патронатта болатын мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыру туралы университет ректорына ұсыныс жасайды.

6. «Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар» жөніндегі проректордың ұсынысы (қызметтік хаты) негізінде СҚКО оқу кезеңінде қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 5-1-9
	Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы Ереже.	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2025

азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыру туралы ішкі бұйрық шығарады.


7. СҚКО бұйрықтың көшірмесін оқу орнының Экономика және қаржы басқармасына жібереді.

8. Экономика және қаржы басқармасы жылдық есепті, ЖОО мен ҚР ҒЖБМ арасындағы жылдық шартты жасайды.

9. Осыдан кейін төлем тапсырмасы жасалады және университеттің Экономика және қаржы басқармасы оқу кезеңінде қорғаншылықта (қамқоршылықта) және патронатта болатын мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруға арналған қаржы сомасын жеке шотына аударады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін білім алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) туу туралы куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 4) жетім балалар мен отбасында тәрбиеленетін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтама.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 5-1-9
	Қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы мемлекеттік грантта оқитын азаматтардың жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы Ереже.	СМЖ «Сапаны бақылау және басқару» ҮК НҮ 5-2025

Өтініш формасы

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының басшысына

_____ (ЖОО атауы)

_____ (Т. А. Ә.)

_____ (Білім алушының Т. А. Ә., курсы, тобы)
_____ мекен-жайында тұратын:

Өтініш

Сізден әлеуметтік мәртебеме сәйкес тегін тамақтандыруды ұйымдастыруыңызды сұраймын (көрсету)

Заңмен қорғалатын ақпараттық жүйелердегі құпия мәліметтерді пайдалануға келісемін

«__» _____ 20__ жыл _____
(қолы) (Т. А. Ә. (бар болса))